

«Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибенің ұйымдастырылу сапасына қанағаттанушылығы» сауалнама қорытындысы бойынша анықтама

Ректордың 2026 жылғы 13 сәуірдегі №587 бұйрығына сәйкес Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті «Білім алушылардың кәсіби іс-тәжірибенің ұйымдастырылу сапасына қанағаттанушылығы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама ұйымдастырды.

Сауалнаманың мақсаты – білім алушылардың кәсіптік практиканы ұйымдастыру сапасына қанағаттану деңгейін бағалау.

Сауалнама құралы: сауалнама парағы. Сауалнама «Platonus» ААЖ жүйесіндегі білім алушылардың жеке кабинеттері арқылы жүргізілді. Сауалнамадағы сұрақтар саны – 12.

Мақсатты аудитория – бакалавриаттың бітіруші курс білім алушылары.

Зерттеуге 551 адам қатысты, бұл бітіруші курс білім алушыларының жалпы контингентінің 20%-дан астамын құрайды (1-кесте).

1 кесте.

Сауалнамаға қатысқан респонденттер саны
(факультеттер бойынша)

	Факультет	Контингент	Респонденттер саны	респонденттер %
1	Биология-география	186	61	33%
2	Тарих	370	51	14%
3	Шет тілдер	157	12	8%
4	Математика және АТ	241	127	53%
5	Педагогика	174	60	34%
6	Физика-техника	151	57	38%
7	Дене мәдениеті және спорт	275	29	11%
8	Филология	260	34	13%
9	Философия және психология	234	49	21%
10	Химия	193	41	21%
11	Экономика	181	14	8%
12	Заң	128	16	13%
	БАРЛЫҒЫ	2550	551	22%

Респонденттердің басым көпшілігі (97%) практика базасының олардың оқу бейініне толық сәйкес келгенін растады. Сондай-ақ теориялық оқыту мен практикалық қызмет арасындағы берік байланыс байқалады. Респонденттердің 90%-ы университетте алған теориялық білімдерін нақты жағдайларда кәсіби міндеттерді шешу үшін табысты қолданғандарын атап өтті.

Білім алушылардың 95%-ы практиканың болашақта мамандығы бойынша жұмыс істеуге қажетті біліктер мен дағдыларды меңгеруге ықпал еткенін көрсетті.

Сауалнамаға қатысқандардың 73%-ы практика базасы болған ұйымдарда жұмыс істеуге қалуға ниет білдірді. Ал 27%-ы бұл сұраққа теріс жауап берді, бұл нақты кәсіпорындардың ерекшеліктерімен де, студенттердің жеке жоспарларымен де байланысты болуы мүмкін.

Білім алушылар кафедраның практиканы ұйымдастыру жөніндегі жұмысының әртүрлі аспектілерін 5 балдық шкала бойынша бағалады. Жалпы алғанда, білім алушылар кәсіптік практиканы ұйымдастыру сапасын 4,6 баллға бағалады, бұл қанағаттанудың 92%-ын құрады (2-кесте).

2 кесте.

**Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ-де кәсіптік практиканы ұйымдастыру сапасын
бағалау бойынша сауалнама нәтижелері**

Көрсеткіштер	Бағалау	Қанағат. %
Кафедрадан бөлінген жетекшінің жұмысына баға беріңіз	4,8	96%
Іс-тәжірибе базасынан бөлінген жетекшінің жұмысына баға беріңіз	4,7	94%
Кафедраның іс-тәжірибе бағдарламасы бойынша нұсқама беруі	4,6	92%
Кафедраның іс-тәжірибе базасын таңдауға көмегі	4,5	90%
Іс-тәжірибе бойынша есепке қойылатын талаптар туралы ақпараттандыру	4,5	90%
Кафедраның іс-тәжірибеден өтуге арналған құжаттарды ресімдеудегі көмегі	4,4	88%
Барлығы	4,6	92%

Көрсеткіштер бойынша бағалар 4,4-тен 4,8 балға дейінгі аралықта өзгерді. Респонденттер *кафедра тарапынан тағайындалған практика жетекшісінің жұмысын* – 4,8 балға және *практика базасы тарапынан тағайындалған жетекшісінің жұмысын* – 4,7 балға жоғары бағалады.

Кәсіптік практиканы ұйымдастыру бойынша ең жоғары бағаларды мына факультеттер алды:

Заң факультеті — **4,8 балл**;

Тарих факультеті — **4,7 балл**;

Физика-техника факультеті — **4,7 балл**;

Дене мәдениеті және спорт факультеті — **4,7 балл**;

Экономика факультеті — **4,7 балл**.

Жалпы университеттік орташа деңгейден біршама төмен бағалар мына факультеттерде байқалды:

Шет тілдері факультеті — **4,5 балл**;

Педагогика факультеті — **4,5 балл**;


Философия және психология факультеті — **4,4 балл**;

Химия факультеті — **4,4 балл**.

Бұл ретте ең төменгі бағалардың өзі **4 балдан** жоғары, бұл университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінде практикалық даярлықты ұйымдастыру деңгейінің тұрақты түрде жоғары екенін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың кәсіптік практиканы ұйымдастыруға қанағаттану деңгейінің жоғары екенін — 96%-ды (*Толық қанағаттандырады*— 79% және *Жоқтан гөрі иә* — 17%) көрсетті. Бұл кәсіптік практиканы ұйымдастыру үдерісінің жалпы тиімділігі мен жоғары сапасын растайды (1-сурет).

**Общая степень удовлетворенности обучающихся
результатами профессиональной практики**



1 сурет.

Анықтама қысқартылған нұсқада берілген